



010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
201\_\_жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года

2018 жылғы 7 ақпанда  
жарияланған

**Қазақстан Республикасы**  
**Ұлттық экономика министрі**  
**Т.М. Сүлейменовке**

### Депутаттық сауал

### Құрметті Тимур Мұратұлы!

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы қаралуда.

Заң жобасымен жұмыс шеңберінде бизнес құрылымдардың, ғылыми және судьялар қауымдастықтарының өкілдері, сондай-ақ, зияткерлік құқық саласындағы халықаралық сарапшылар «қатар импортпен» байланысты тауар белгісіне ерекше құқықты алып тастау проблемасы туралы сөз сөйледі. Осыған байланысты, біздің елімізде халық жаппай пайдаланатын бірқатар импорттық тауарлар бағасына талдау жүргізілді.

«Қатар» импорт дегеніміз Одақ аумағынан тыс жерлерде азаматтық айналымға заңды енгізілген, құқық иеленушінің рұқсатынсыз өнімдерді Еуразия одағының кеден аумағына әкелу болып табылатыны белгілі.

2015 жылдан бастап Қазақстан Республикасы өңірлік қағидатты қолдануға көшті, яғни, «қатар импортқа» тыйым салды. Мұндай өзгеріс Еуразия экономикалық одағы туралы шартқа қол қоюға және ұлттық заңнаманы үйлестіруге байланысты орын алды.

Импорттың рұқсат берілмеген құқық иеленушісінен нарықты қорғау құқық иеленушінің жұмыс орындарын құруы және өндіріс орналастыруы үшін инвестициялық тартымдылықты арттыруды көздеді.

Бірақ, еліміз осы өткен 3 жылда «қатар импорттан» не ұтты? Құқық иеленушінің бірі - Toyota Motor Corporation компаниясы Қазақстан аумағында диллер орталықтарының желісін ашты.

Қазақстандықтардың осы диллер орталықтарында қызмет алуы қомақты соманы құрайды және олардың баламалы бәсекелі таңдауы жоқ. Тауар белгісінің иелері автобөлшектер бағасын еш кедергісіз арттыра алады. Диллер орталықтары мен тәуелсіз импортерлер бағаларының салыстырмалы талдауы **200-ден 500** пайызға дейінгі айырмашылықты көрсетеді.

Фармацевтика саласындағы ахуал да осындай. Мысалы, онкологиялық ауруларды емдеуге арналған «Фазладекс» дәрісі Түркияның дәріхана желілерінде бөлшек саудада қазақстандық валютамен 61 892 теңгені құрайды. Бірақ, Қазақстанға оны әкелуге болмайды. Өңірлік құқықты алып тастау қағидаты бар.

Оны сатып алу кезінде «СК-Фармация» белгіленген **205 275 теңге** көлемдегі бағамен келісуге мәжбүр, ал, бөлшек саудада осы препарат **298 996 теңге** тұрады. Яғни, құнының артуы **482 пайызды** құрайды. Бұл жалғыз ғана мысал. Жалпы, фармацевтикалық препараттар бойынша бағалардың салыстырмалы талдауы **550 пайызға** дейінгі айырмашылықты көрсетеді.

Бұл жағдайда, өндірушілер, тауар белгілерінің иелері басқа елдерге қарағанда, Қазақстан үшін бағаны барынша жоғары белгілей алатынын, оны төмендетуге және тіптен, Қазақстанға жеткізуден бас тарта алатынын атап өткен жөн. Осыған байланысты, жалғыз дистрибьютор «СК Фармация» ЖШС, тіптен, қажет болған жағдайдың өзінде, басқа елдерден қажетті дәрі-дәрмекті сатып ала алмайды, өйткені, бірден қолданыстағы ережелерді бұзушы болып табылады.

Басқа тауар түрлері – медициналық жабдықтар, киімдер, косметикалар, аяқ киімдер және т.б. бойынша да жағдай осындай.

Ерекше құқықты алып тастаудың өңірлік қағидаттарын қолданудың теріс салдарының болуы 2016 жылғы 25 қазанда тараптар келіскен Еуразия экономикалық одағы туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы Еуразиялық үкіметаралық кеңес Хаттамасының жобасы қабылданды, онда жекелеген тауар түрлері үшін тауар белгісіне ерекше құқықты алып тастаудың өңірлік қағидатынан алып тастау көзделді.

Бұл үшін осындай алып тастауға бастама жасаған ел тауарлардың нақты түрлері Одақтың ішкі нарығында қолжетімсіз, жеткіліксіз көлемде ғана, қымбат бағада қолжетімді екендігін, сондай-ақ өзге жағдайларда

Одаққа мүше мемлекеттердің экономикалық мүдделерін негізге ала отырып, дәлелдеуі тиіс.

Мұндай мысалдар да, ішкі нарық бойынша талдамалық деректер де жеткілігі, бірақ, Қазақстаннан Еуразия экономикалық комиссиясына алып тастау бойынша ұсыныстар түрінде мәселені шешу әлі күнге дейін ұсынылмаған. Біздің еліміздің және азаматтарымыздың ұлттық және экономикалық мүдделеріне қысым жасайтын осындай ойын ережесі бізге қажет пе?!

«Қатар импорт» проблемасын құқықты алып тастау қағидатын таңдау ұстанымымен ғана емес, сонымен қатар, сапасыз және қауіпті өнімдерді өткізуге жол бермеу мақсатында импортерлер мен тауар саудагерлеріне қатаң талаптар қою жолымен қарастыру қажет екендігін ескере отырып, Сізден Еуразия экономикалық одағында осы мәселе бойынша ел ұстанымын айқындау бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімін жедел қабылдау және өзіміздің аумақта әділ бәсекені дамыту үшін жағдай жасау қажеттілігіне назар аударуыңызды өтіне сұраймыз. .

Жоғарыда аталған заң жобасымен жұмыс шеңберінде Парламент Мәжілісінің жұмыс тобы контрафактілік өнімдерді әкелгені және өткізгені үшін жауапкершілік нысанын және осындай өнімнің әкелінуіне кедергі келтіретін тетіктерді белгілеу бойынша нақты жұмыс жүргізгенін хабарлаймыз.

Қарау нәтижелері туралы заңмен белгіленген мерзімде хабарлауды сұраймыз.

**Құрметпен,  
«Нұр Отан» партиясы  
фракциясының депутаттары**

**Г. Бижанова**

**Қазақстан халқы Ассамблеясынан**

**В.Божко**



010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
201\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажиліс Парламенті  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года

Оглашен 7 февраля 2018 г.

**Министру  
национальной экономики  
Республики Казахстан  
Сулейменову Т.М.**

**Депутатский запрос  
Уважаемый Тимур Муратович!**

В настоящее время в работе Мажиліс Парламенті находится проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования законодательства в сфере интеллектуальной собственности».

В рамках работы над законопроектом заслушаны представители бизнес структур, научного и судейского сообщества, а также международные эксперты в области интеллектуального права по проблематике исчерпания исключительного права на товарный знак, связанного с так называемым «параллельным импортом». В этой же связи, проведен анализ цен на ряд импортных товаров, пользующихся массовым спросом населения нашей страны.

Как известно, под «параллельным» импортом подразумевается ввоз на таможенную территорию Евразийского союза продукции без разрешения правообладателя, которая была легально введена в гражданский оборот вне территории Союза.

С 2015 года Республика Казахстан перешла на применение регионального принципа, то есть ввела запрет на «параллельный импорт». Такое изменение произошло в связи с заключением Договора о Евразийском экономическом союзе и гармонизацией национального законодательства.

Защищенность рынка от несанкционированного правообладателем импорта предполагало повышение инвестиционной привлекательности для создания правообладателями рабочих мест и размещения производства.

Однако, что фактически получила страна за прошедшие 3 года запрета «параллельного импорта»? Компания Toyota Motor Corporation, как один из правообладателей, открыла сеть дилерских центров на территории Казахстана.

В то же время, обслуживание казахстанцев в этих дилерских центрах обходится в круглую сумму и не имеет альтернативного конкурентного выбора. Владельцы товарного знака беспрепятственно могут повышать цены на автозапчасти. Сравнительный анализ ценовой линейки дилерских центров и независимых импортеров показывает разницу в стоимости от **200 до 500** процентов.

Такая же ситуация в фармацевтической отрасли. К примеру, лекарство для лечения онкобольных «Фазладекс» в розничной продаже в аптечной сети Турции стоит в казахстанской валюте 61 982 тенге. Но в Казахстан его завести уже нельзя. Действует региональный принцип исчерпания прав.

При его закупке «СК-Фармация» вынуждено соглашаться с установленной ценой в **205 275 тенге**, а в розничной продаже этот препарат стоит уже **298 996 тенге**. Итого превышение стоимости составляет **482 процента**. И это лишь единичный случай. В целом, сравнительный анализ цен по фармацевтическим препаратам показывает разницу **до 550 процентов**.

В данном случае следует отметить, что производители, владельцы товарных знаков, могут устанавливать цену для Казахстана значительно выше, чем другим странам, отказать в её снижении и даже в поставке в Казахстан. В связи с чем, единый дистрибьютор ТОО «СК Фармация», даже при необходимости, не может закупить на рынках в других странах необходимые медикаменты, так как сразу станет нарушителем действующих правил.

Аналогичное положение и по другим видам товаров - медицинского оборудования, одежды, косметики, обуви и т.д.

Наличие отрицательных последствий применения регионального принципа исчерпания исключительных прав привело к тому, что 25 октября 2016 года был принят проект Протокола Евразийского межправительственного совета, в последующем согласованного сторонами, о внесении изменений в Договор о Евразийском экономическом союзе, где для отдельных видов товаров предполагается установление изъятий из регионального принципа исчерпания исключительных прав на товарный знак.

Для этого стране - инициатору подобного изъятия необходимо доказать, что конкретные виды товаров не доступны на внутреннем рынке Союза, доступны в недостаточном количестве, по завышенным ценам, а также в иных случаях, исходя из экономических интересов государств-членов Союза.

Примеров такой ситуации, аналитических данных по внутреннему рынку предостаточно, однако решения вопроса в виде предложений по изъятиям в Евразийскую экономическую комиссию от Казахстана до сих не представлено. А нужны ли нам такие правила игры, которые ущемляют национальные и экономические интересы нашей страны и граждан?

Понимая, что проблему «параллельного импорта» следует рассматривать не только с позиции выбора принципа исчерпания прав, но и в условиях установления жестких требований к импортерам и продавцам товаров, с целью недопущения распространения некачественной и опасной продукции, убедительно просим Вас обратить внимание на необходимость скорейшего принятия решения Правительством Республики Казахстан по определению позиции страны в данном вопросе в Евразийском экономическом союзе, и создания условий для развития справедливой конкуренции на нашей территории.

В свою очередь сообщаем, что рабочей группой Мажилиса Парламента в рамках работы над названным выше законопроектом проведена конкретная работа по установлению форм ответственности за ввоз и распространение контрафактной продукции, и механизма, препятствующего ввозу такой продукции.

О результатах рассмотрения просим сообщить в установленный законом срок.

**С уважением,  
депутаты  
от фракции партии «Нұр Отан»**

**Г. Бижанова**

**Ассамблеи народа Казахстана**

**В.Божко**

*Исп. Жумагалиев А.  
т. 74 67 51  
e-mail: zhumagaliev\_a@parlam.kz*